

**Астана қаласы әкімдігінің
«№72 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК**



**2023-2024 оқу жылындағы тәрбие
жұмысының талдамалық есебі**

Дайындаған ДТІЖО:

Копбаева Ж.О.

Аманова А.А.

№72 мектеп-лицейінің 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысына талдама

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатына сәйкес тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып, бекітілді.

№72 мектеп – лицейінің тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбиелеу тұжырымдамасына сәйкес жоспарланады және жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысы жөніндегі жоспарды әзірлеу және іске асыру үшін мынадай нормативтік құжаттар негіз болып табылады:

- 1) БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі;
- 4) "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы;
- 5) "тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы" 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Қазақстан Республикасының Заңы;
- 6) "Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Қазақстан Республикасының Заңы;
- 7) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Тәрбие жұмысы жалпы мектеп жоспарының бөлігі болып табылатын жоспарға сәйкес жүргізіледі, әр оқу жылының басында әзірленеді және мектеп директоры бекітеді. Тәрбие жұмысының бағыттары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде жасалды. Онда: өткен жылдардағы мектептің тәрбие жұмысының жай-күйі мен тиімділігін талдау, оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қылмыстардың, қараусыздықтың алдын алу бойынша жұмыстарды талдау; тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері; тәрбие процесін бақылау жоспарланған; ата-аналармен жұмыс; тәрбие жұмысы жөніндегі бағдарламаларды іске асыру. Барлық іс-шаралар жоспарларының мерзімі мен жауапкершілігі бар.

№72 мектеп - лицейінің тәрбие жұмысының мақсаты шығармашылыққа және өзін-өзі анықтауға қабілетті адамгершілік, физикалық сау тұлғаны

дамытуға ықпал ететін тәрбие қызметін жетілдіру болып табылады. Оқушылардың өзіне деген оң көзқарасын, өзін-өзі дамыту қажеттілігін, жалпыадамзаттық құндылықтарды түсіну процесінде әлеуметтік және жеке маңызды іс-әрекетте өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігін дамыту.

Тәрбие жүйесінің құрылымы:

- I. Әлеуметтік –педагогикалық қызмет;
- II. Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесі;
- III. Педагогикалық – психологиялық қызмет;
- IV. Кітапхана қызметі
- V. Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының тиімділігі
- VI Сынып жетекшілер жұмысы;
- VII. Оқушылардың бос уақытының ұйымдастырылуы
- VIII. Ата-аналармен жұмыс;
- IX. Тәрбие бағыты бойынша оқушылар жетістіктері.

2023-2024 оқу жылының басында барлық оқушы саны: **6321** болды. **189** сынып комплектісі құрылды. Мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған әлеуметтік паспорты жабдықталды. Өртүрлі санаттарға жататын оқушылар тізімі жаңартылды және түзетулер енгізілді.

Жалпы оқушы саны: 6223


Бастауыш 1-4 сыныптар: 2737

Орта буын 5-9 сыныптар: 2937

Жоғары буын 10-11 сыныптар: 549

№	Әлеуметтік санаттар	Саны	%
1.	Көп балалы отбасы	1245	20%
2.	Толық отбасылар	5444	87%
3.	Өгей анасымен	12	0,19%
4.	Өгей әкесімен	27	0,43%
5.	Толық емес отбасылар	779	12,5%
6.	Анасы жоқ балалар	21	0,34%
7.	Әкесі жоқ балалар	252	4%
8.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	66 отбасы 151 бала	9%
9.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	8 отбасы 14 оқушы	2,2%
10.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	52	083%
11.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	9	0,14%
12.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	15	0,24%

13.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	1	0,01%
14.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	11	0,10 %



2023-2024 оқу жылында 1-4 сынып оқушылары және әлеуметтік санаттағы 93 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Асханада ИП «Социумпит» қызмет көрсетті. Ас мәзірі Тағамтану Академиясының бекітумен жүзеге асырылды. Санитарлық талаптарға сәйкес асханада бастауыш сыныптардың тамақ ішу кестесі бекітілді. оқу жылының басынан тамақтану сапасы мен ұйымдастырып бақылауды қамтамасыз ету мақсатында бракеражды комиссия құрамы бекітілді. Бракераж комиссия мүшелері асхана жұмысының дұрыс орындалуын, талапқа сай жұмыс жасауын, даярланған астың сапасын, оның мөлшерін және тағам өнімдерінің құжаттары мен бақылау мерзімінің болуын қадағалайды. Мектеп мейбикесі тамақ дәрумендерін, құрамын тексеріп акт толтырылып отырылды. Бракераж комиссия мүшелері 11 адамнан құралып, кестеге сәйкес айына бір рет тексеру жүргізеді. Комиссия құрамында қамқоршылық кеңесінің төрайымы және ата-аналар мен мектеп әкімшілігі бар.

	1-4 сынып	Тегін тамақтанатын барлық оқушылар	1-4 сынып	5-9 сынып	10-11 сынып
2021-2022	2538	199	88	105	6
2022-2023	2441	159	67	80	12
2023-2024	2737	165	62	86	17




Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жетекші бағыттардың бірі болып саналатындықтан мектеп ұжымы оқу жылының басынан әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды анықтау, аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларды, мінез-құлқы мен моральдық дамуындағы ауытқулар себептерін анықтау және профилактикалық жұмыстар жүргізу, уақытылы әлеуметтік-педогогикалық қолдау көрсету бойынша жұмыстар атқарады. Бұл контингентті зерттеу барысында қолайсыз жасөспірімдердің әр сыныпта бар екенін көрсетті. Бұл қатарға ұшыраған балалар өзара биологиялық, психологиялық, әлеуметтік мінез-құлық нәтижесінде құқық бұзушылыққа, зорлық-зомбылыққа, басқа түрлерге бейім болатындығы жұмыс барысында байқалып отырды. Мектеп оқушыларының әртүрлі топтарымен жұмыс, олардың мінез-құлқын, отбасындағы жағдайларды, ата-ана мен баланы бақылау қатынастар келесі қауіп факторларын бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл мәселеде мектептің міндеті – тәуекел факторларының әсерін жеңе білуге, стресстік жағдайлардың өсуін тоқтатуға ықпал ету, қарсылық білдіру. Жоғарыда аталған ерекшеліктерді ескере отырып, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, педагог-психологтар, құқық бұзушылықтың алдын алу менеджерлері балалармен және отбасылармен профилактикалық жұмыс жүргізіп отырады. Мұғалімдермен әңгіме жүргізу барысында тәртіп бұзушылықтар сабақ арасында немесе сабақ үстінде орын алып қалатындығын анықталды. Шешуге болатын конфликттік жағдайларды мұғалімдер сынып жетекшілерсіз өздері шешуге де тырысатындықтары байқалды. Әлеуметтік педагог құжаттарын тексеру барысында жеке санаттағы балалармен үнемі жұмыс жүргізіліп отыратындығы анықталды, алайда девиантты мінез-құлық балаларымен жеке жұмыс, сондай-ақ сыныппен профилактикалық жұмыс түрлері жоспарда қарастырылмаған.

№72 мектеп-лицейінде қыркүйек айының басынан құқық бұзушылықтың алдын алу алқа кеңесі құрылып, құрамы бекітіліп, жұмыс жоспары құрылған. Қыркүйек айының алғашқы аптасында 1-11 сынып оқушыларына мектептің Ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру сағаттары өткізілді. Оқушылардың үйірмелерге, секцияларға және басқа шығармашылықпен айналысатын бірлестіктерге баруы бойынша есеп алынды. Нәтижесі бойынша қамтылмаған оқушылармен жұмыс жасай отырып мектепшілік әртүрлі үйірме, секцияларға жаздыртып оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру шаралары жүргізілді. 2023-2024 оқу жылында 11 оқушы құқық бұзушылық бойынша мектепшілік есепке алынды.

Алматы ауданының ІІБ кәмелетке толмағандар жөніндегі бөлімшесінде есепте – 1 оқушы, Есепке алудың негізгі себептері: Мектеп Жарғысын және мектептің ішкі тәртіп ережелерін бірнеше рет бұзу бойынша – 9 оқушы, сабақты себепсіз босату – 1 оқушы, жасына жетпеуіне байланысты қылмыстық жауапқа тартылмайтын қылмыстардың белгілері бар іс-әрекеттерді жасағандар – 1 оқушы. Мектепте және ІІБ -1 қолайсыз отбасы есепте тұр. Жоғарыда айтылғандардың негізінде девиантты мінез-құлық оқушыларының деректер банкі жасалды, психологтың қатысуымен жеке әңгімелесулер жүргізілді, осы оқушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімін бақылау жүзеге асырылды. Балалар тұратын барлық отбасылар рейдтік іс-шаралардың нәтижесінде назарға алынды.

Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар, әлеуметтік педагог, ҚБ алдын алу менеджері аталған санаттағы оқушылармен құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізді. Аптасына бір рет жеке әңгімелесулер, рейдтік іс-шаралар, бақылау дәптерлері жүргізілуде.



Девиантты мінез-құлықты балаларымен жеке жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі, сынып жетекшілері оқушылардың отбасыларына үнемі барады, балалардың өмір сүру жағдайларымен танысады. Оқушылардың жеке істері оқушылардың әлеуметтік мінез-құлқының алдын алу Кеңесінің отырыстарында қаралады.

2023-2024 оқу жылында мектепте 4 педагог-психолог жұмыс жасады. 189 сынып комплектісі және 6351 оқушы білім алды. А.Байтұрсынов корпусында – 4072 оқушы білім алады, осы оқушылармен Каримбаева Бота Шынасиловна (1,5 бірлік), Имамбаева Назым Жумабековна (1 бірлік), Ж.Нәжімеденов корпусында – 2285 оқушы білім алады, осы оқушылармен Мәнауова Еркежан Нұрланқызы (1 бірлік) және «Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен» жалпы оқушы саны -59, А.Байтұрсынов корпусында – 27 оқушы, Ж.Нәжімеденов корпусында -32 оқушы Абуова Айман Канатовна жұмыс жасайды.

№	Аты-жөні	Жұмыс тәжірибесі	Қай жылдан бастап жұмыс істейді	Психологке тіркелген сыныптар
1	Каримбаева Б.Ш.	18 жыл	2023	1 – 11 классы (орыс)

2	Имамбаева Н.Ж.	2 жыл	2022	1-11 сынып (қазақ)
3	Мәнауова Е.Н.	8 жыл	2023	1-11 сынып (қазақ, орыс)
4	Абуова А.К.	8 жыл	2020	1-11 сынып (қазақ, орыс)

№ 72 МЛ психологиялық қызметін тексеру жұмысы құжаттарын қарау, іс-шараларына қатысу, семинар-тренингтерінде болу және әңгімелесу арқылы жүзеге асырылды. Педагог-психологтардың жылдық жоспары ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы негізінде құрылған. Сонымен қатар, ҚР ОАМ 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығына сәйкес психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары мен тәртібін орындайды.

Мақсаты: мектепте қолайлы психологиялық ахуал жасау және оқу процесінің барлық қатысушыларына психологиялық қолдау көрсету арқылы білім беру процесіне қатысушыларды психологиялық қолдау.

Міндеттері:

- ✓ білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту және табысты әлеуметтену қабілеттерін қалыптастыру;
- ✓ оқушыларға, ата-аналар мен педагогтарға психологиялық кеңес беру жұмыстары арқылы көмек көрсету;
- ✓ мектептің психологиялық қызметінің жемісті қызметіне мектептің барлық педагогикалық құрамын белсенді тарту
- ✓ білім беру процесінде, қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- ✓ психодиагностикалық және психокоррекциялық жұмыстарды жүзеге асыру;
- ✓ мектеп оқушыларының психологиялық ахуалына қолайлы жағдай жасау.

Психологиялық қызмет жұмыстары мына негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- Диагностикалық жұмыс;
- Түзету-дамыту жұмысы;
- Алдын алу-ағарту жұмыстары;
- Кеңес беру жұмысы;
- Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстары.

Оқу жылының басынан мектеп психологтары сынып жетекшілерден психологпен жұмысқа келісім / бас тарту парақтарын жинаудан бастады. Жалпы мектеп бойынша 6351 оқушы болса, оның келісім берген ата-аналар саны - 5132, ал бас тартқан ата-аналар саны -1219.

Диагностикалық жұмыс бойынша оқушылармен «Мектептік мазасыздық» тест –сауалнамасы (Филлипс) (5 сыныптар), оқу мотивациясының деңгейін бағалау сауалнамасы (6-7 сынып), агрессивтілікті диагностикалауға арналған Басс-Дарки әдістемесі (7-9 сынып), «Социометрия» әдістемесі (8 сынып), Е. К. Климовтың дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы 9 сынып оқушылары арасында өткізілді. «Психикалық күйлердің өзін-өзі бағалауы» сауалнамасы (Айзенк бойынша) 10 сынып арасында, 11 сынып оқушылар арасында жоғары мектепте оқуға деген мотивация мен эмоционалды қатынасты диагностикалау әдістемесі жүргізілген. Сонымен қатар, сынып жетекшілерімен ата-аналар арасындағы сұраныс бойынша оқушылармен жеке танымдық психодиагностикалық жұмыстар тестілеуі жүргізілді:

Мектепшілік есепте тұрған 3 оқушымен : «Кактус» жобалау тесті, «Айзенк» темпераментті анықтау тесті, «Мектептік мазасыздық» тест – сауалнамасы (Филлипс), Агрессивтілікті диагностикалауға арналған Басс-Дарки әдістемесі жүргізілді.

Тәуекел тобындағы балалармен психодиагностикалық, консультациялық, түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізіліп отырды. Жүргізілген психодиагностикалық жұмыстар: Орта және жоғары мектепке оқуға деген мотивация мен эмоционалды қатынасты диагностикалау әдістемесі (Спилбергер-Андреева), агрессивтілікті диагностикалауға арналған Басс-Дарки әдістемесі, Филипстің мектепте үрейлену деңгейін саралау әдістемесі, Г.Айзенк сауалнамасы, проективті әдістемелер өткізілді және нәтижелері АССПМ Нг+ журналында тіркелді. Келесі жүргізілген тренингтер : «Буллингке жол жоқ!», «Буллинг және оны алдын-алу», «Дос болуды қалай үйренуге болады?» және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Орта білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықты алдын-алу» ағартушылық жұмыстар жүргізілді.

Ата-аналармен профилактикалық ағартушылық жұмыс және 5 сынып ата-аналарына арналған «Бірыңғай ашық есік күні» психологиялық-педагогикалық кеңес берілді. «Тәуекел тобында» есепте тұрған оқушылармен кеңес беру жұмысы айына бір рет сұраныс бойынша және психологиялық

қолдау қажет еткенде көмек көрсетілді және жылдық жоспарға сәйкес психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді.

Түзету-дамыту жұмыстары : Сынып жетекшілерімен ата-аналар сұранысы бойынша жүргізілді. Сабақтар саны – 22, жекелей- 45 оқушы. «Емтиханға деген сенімділік» жүргізілді. Сабақтар саны – 24, жекелей- 47 оқушы.

3. Психологиялық профилактикалық жұмыс :

Буллингті алдын-алуға байланысты жүргізілген жұмыстар: «Комплимент айтайықшы», «Буллинг және оның алдын-алу», топтық әңгімелесу «Антибуллинг», «Мен буллингке қарсымын», «Буллинг және оны алдын-алу», «Мектеп ортасындағы буллинг: себептері мен салдары», «Буллинг», «Кибербуллинг» туралы түсіндірмелі әңгімелесу жұмыстары жүргізілді.

- Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңестің отырыстарына қатысу-б.
- «Буллинг әлеуметтік-педагогикалық проблема ретінде» тақырыбында педагогикалық кеңес беру жұмыстары жүргізілді.
- 5 және 9 сыныптар арасындағы педагогикалық консилиум өткізілді.
- «Бала- ата-ана айнасы» атты ата-аналар жиналысы өткізілді.
- «Ата-анамен бала арасындағы табысты қарым-қатынас» ата-аналармен тренингтік жұмыс өткізілді.
- «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алгоритмі» педагогикалық кеңес өткізілді.
- «Ата-ана мен бала арасындағы жағымды қарым-қатынас» ата-аналар жиналысы өткізілді.
- Ашық сабақтар мен іс-шараларға қатысты.
- «Буллинг білім-беру ортасында» ата-аналар жиналысы өткізілді.

4. Кеңестік жұмыстар : Психологиялық кеңестік жұмыстар педагогикалық процесске қатысушыларына жүргізілді.: барлық кеңес беру жұмысы – 408 , оның ішінде педагогтармен - 27, оқушылармен - 364, ата – аналармен -17 кеңес беру өткізілді.


Кітапхана қызметі

Кітапханада қажетті әдебиеттердің жеткілікті қоры болуы керек, оған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер қоры және көркем, публицистикалық, анықтамалық, энциклопедиялық әдебиеттер кіретін негізгі қор кіреді. Мектеп кітапханасының қоры 110508 дананы құрайды, оның ішінде көркем әдебиет – 5100 дана: оның ішінде қазақ тілінде - 1988, орыс тілінде – 1525, ағылшын тілінде – 1587, электрондық көркем әдебиет – 23 дана. Оқу қоры - 105408 дана, электронды оқулықтар – 190. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша барлық оқулықтар. 2023-2024 оқу жылына 19900 дана

оқулықтар мен жұмыс дәптерлері алынды. 2023 жылдың желтоқсанында оқу қорына түгендеу жүргізілді, ағымдағы 2023-2024 жылдарға арналған оқулықтардың қайсысы жеткіліксіз болатынын анықтау үшін талдау жасалды. Түгендеу және тақырыпты талдау нәтижелері бойынша оқулықтардың тізімі жасалды, олар 2024-2025 жылдарға арналған қосымша тапсырысқа енгізілді.

"Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2023-2024 оқу жылына мектеп әкімшілігі кітапхана қорын сапалы толықтыру үшін көркем әдебиет сатып алуға (134 дана), сондай-ақ Астана қаласының білім басқармасына 183 дана әдебиет сатып алуға 500000 теңге бөлді. Кітапхананың кітап ресурсы оқушылардың көркем әдебиет үшін кітапханаға жүгінуге деген ұмтылысында маңызды рөл атқарады, олар заманауи әдебиеттерді, әлемдік бестселлерлерді, қиялдарды оқығысы келеді. Оқырмандар саны, кітап беру, бару және басқалар сияқты сандық көрсеткіштер оқырмандардың сұранысын қанағаттандыратын әртүрлі, заманауи Қордың болуына байланысты. Егер өткен оқу жылының көрсеткіштері мен биылғы көрсеткіштерді салыстыратын болсақ, онда айтарлықтай өсуді байқауға болады.

	Кітап қоры	Оқырман саны	Кітап берілуі	қатысу
2021-22 о.ж	3921	659	3611	1202
2022-23 о.ж	4220	1315	8610	5780
2023-2024 о.ж	5100	1535	8950	6030



2023-2024 оқу жылында осындай кітап көрмелері рәсімделді: " Менің Отаным-Қазақстан ", "Тіл достық пен келісімнің тірегі ", "Тарих беттеріненен", "Абай мұрасы адамның асыл қазынасы", "Қазақ халқының салт-дәстүрлері", "Ғасырдың ғажап азаматы", "Наурыздың барлық бояулары" және басқа да атаулы күндерге арналған тақырыптық көрмелер. Оқу жылы барысында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында көптеген іс-шаралар өткізілді,

олардың бірі қыркүйек айында өткізілген 5-6 қазақ сыныптары арасында "Атана мен әдебиет әлемінде" байқауы. Онда оқушылар ата-аналарымен бірге Ахмет Байтұрсыновтың шығармасынан үзінділер сахналады. Ата-аналар мен оқушылар сахнада бірге өнер көрсетіп, ортақ іс жасап, сонымен бірге жеңіске жетуге тырысқаны үлкен тәрбиелік мәнге ие. Мұнда мектеп пен ата-ананың өзара әрекеті, сондай-ақ байқауға дайындық кезінде отбасылық оқу сияқты сәт бар. Байқау қазылар алқасы жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтап, оларды грамоталармен марапаттады.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында өткен ағарту апталығы кезеңінде 26 қазанда № 72 лицей кітапханасында 7 Ж сынып оқушыларымен "Ой мен сөз құпиясына" атты кітапхана сабағы өткізілді, сабақ барысында оқушыларға анықтамалық әдебиеттер - энциклопедиялар, анықтамалықтар, сөздіктер туралы айтылды. Кітапханашы балаларды анықтамалық әдебиеттің түрлерімен, олардағы материалдың орналасуымен таныстырды, энциклопедиялардан қажетті ақпаратты қалай тез табуға болатындығын көрсетті. Сабаққа слайд көрсетілімі дайындалып, кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сабақ соңында оқушыларға "логикалық сұрақтар" интеллектуалды ойынына қатысу ұсынылды.

"8 минуттық оқу" - оқушыларды қазан айынан бастап кітап оқуға тарту жобасы. 1-11 сынып оқушылары күн сайын сабақ басталуға 10 мин қалғанда көркем шығармалар оқыды. Көптеген сыныптар оқу үшін бір шығарманы таңдады - "Бір сынып – бір кітап". Кітапханада READx форматында оқылған шығармалар талқыланды. Осындай іс-шаралардың бірі 28 қаңтарда өткен Ашық есік күніне орайластырылды. Бұл күні ата-аналар сабаққа қатысады, сонымен қатар ата-аналар 8-сынып оқушыларымен өткізілетін іс-шараға қатысты. Оқушыларға Тахауи Ахтановтың 8 минуттық оқылымда оқыған "Ошақ жарығы" шығармасын талқылауды ұсынды.

5 жылдан астам уақыт бойы кітапханаларда "Буккросинг" акциясы өткізіліп келеді. Бұл кітапхана өз оқырмандарына, сондай-ақ мектептің барлық оқушылары мен мұғалімдеріне Кітапханаға кітап сыйлайтын акцияның бір түрі. Акция барысында кітапханаға қызықты түрлі-түсті басылымдардың 41 данасы сыйға тартылды. Өткен оқу жылындағы кітапхананың жұмысын талдай отырып, көркем әдебиет қорын 1000 данаға толықтыру, оқырмандар санының 1315-тен 1535-ке дейін өсуі, тиісінше кітап беру және келу сияқты көрсеткіштердің 2022-2023 оқу жылындағы көрсеткіштермен салыстырғанда ұлғаюы сияқты жағымды тұстарды атап өтуге болады. Қорыта келе, жаңа оқу жылында жұмыстағы кемшіліктерге ескере отырып, оқушыларды кітапханаға тарту, көркемөнер қорын толықтыру бойынша жұмысты жалғастыру және

бұқаралық іс-шараларды өткізу үшін сынып жетекшілерімен тығыз ынтымақтастық орнату.

Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының тиімділігі

«Өзін-өзі басқару» ұйымы - балалар мен жасөспірімдердің және үлкендердің жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыттаған, мүшелерінің қызығушылықтарын, құқықтарын қорғайтын, өз бетімен ерікті, қоғамдық бірлестік.

№72 мектеп-лицейінің 2023-2024 оқу жылындағы «Өзін-өзі басқару» ұйымы өз жұмысын 2023 жылдың 21 қазаны – Мектеп Президентін сайлаумен бастады. Барлығы 6 үміткер қатысуға өтініштерін білдірді. Мектеп президенті болып 10 «Г» сынып оқушысы – Махметгалина Аяжан Арманқызы сайланды.

Ұйым 5 фракция негізінде жұмыс атқарады: Атқару, Жоба, Азаматтық, Event және БАҚ. Құрамы: 21 оқушы; сонымен қатар 28 оқушы белсенділер қатарына кіреді. Барлығы 8-10 сынып оқушылары болып табылады.

Мектептегі өзін-өзі басқару жүйесі үш деңгейде жұмыс жасайды. Біріншісі-сынып ішіндегі өзін – өзі басқаруы, екіншісі – мектеп оқушысының өзін-өзі басқаруы, үшіншісі-мектептің бірлескен басқаруы. Оқушылардың өзін-өзі басқарудың бірінші және екінші деңгейлерінде негізінен қызмет түрлері бойынша: танымдық, көркемдік-эстетикалық, спорттық – сауықтыру, ақпараттық және т.б. бірінші деңгейдегі өзін-өзі басқарудың жоғары органы-сынып жиналысы, екінші деңгейде-оқушылар конференциясы.

Оқушылар өмірінің ұйымдастырушылық мәселелерін мектеп президенті Махметгалина Аяжан басқарады. «Өзін-өзі басқару» ұйымы айына 1 рет жиналады, отырыстар айына кемінде 2 рет өткізіліп, отырыстары хаттамаланады.

Алғашқы отырыс 2023 жылдың 11 қарашасында өткізілді. Отырысқа 28 адам қатысты. №72 мектеп-лицейінің педагог-ұйымдастырушысы Тукен Г.М. «Өзін-өзі басқару» ұйымының жұмыс ережелерімен таныстырып, әрбір фракцияның міндеттерімен таныстырды, сонымен қатар бұл отырыста белсенділер тізімі бекітілді.

Мектептің «Өзін-өзі басқару» ұйымының бастамасымен конкурстар мен іс-шаралар ұйымдастырылады: спорттық конкурстар, «Дублер» күні " оқушылар мен ата-аналарға арналған түрлі шығармашылық байқаулар. Екінші және үшінші деңгейлерде мектептің өзін-өзі басқаруы тиімді жұмыс істейді деп айтуға болады.

1 қыркүйектен бастап мектепте оқушылардың әртүрлі жас топтары үшін бірнеше іс-шара өткізілді. Іс-шаралардың барлығы дерлік жоғары әдістемелік және педагогикалық деңгейде ұйымдастырылып, өткізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру аясында 17 қарашада «Алтын сақа» республикалық челленджіне «Өзін-өзі басқару» ұйымы белсенділік танытып, «Бес Асық», «Бес табан» ұлттық ойындарын өткізуге бастамашылық білдірді.

2023 жылдың 18 қараша күні мектеп президенті – Махметгалина А. тікелей бастамасымен мектепте 8-11 сынып оқушылары арасында баскетболдан турнир өткізілді. Жарысқа 8 ұлдар командалары қатысты.

Ұйым мүшелері интерактивті челленджерге де қатысады. Мысалы, 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні мерекесіне орай «Туған елге, тағзым» интерактивті ұрандар байқауы. Челлендждің мақсаты – өскелең ұрпақ бойында патриоттық және азаматтық сезімін қалыптастыру.

Сонымен қатар, оқушылар бастауыш сыныптарда сабақты ұйымдастыруға көмектесуге қызығушылық танытады. Олар 15 желтоқсан күні мектептің барлық сыныптарында өткен Тәуелсіздік күні мерекесіне орай жалпы мектепшілік сабақтарға қатысты. Ұйым мүшелері сынып жетекшілерімен бірге 1-4 сыныптардың бастауыш сыныптарында сыныптарды безендіруге, презентациялар жасауға және ойындар өткізуге көмектесті.

2024 жылдың 19 қаңтар күні «Өзін-өзі басқару» ұйымы “Қар десанты” еріктілер эстафетасына қатысты. Эстафетаның мақсаты - жастарды еңбекке баулу, қоршаған ортаға деген қамқорлық сезімдерін ояту. Эстафета “Біргеміз” флэшмобымен басталып, оқушылардың қар тазалау жұмыстарымен жалғасты.

2024 жылдың 17 қаңтарынан – 17 ақпанына дейін жалғасын табатын «ДОСБОЛЛИКЕ: достық қолын ұсын» республикалық акциясы аясында ұйым бірқатар іс-шараларды қолға алды: «Танысу тренингі», Достық білезіктері, Көңілді қоңырау және Инстаграм челленджі.

Сыныптағы тәрбие жұмысы.

Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары 29.08.2023ж педагогикалық кеңесте айтылған ұсыныстарға сәйкес құрылған, №130 бұйрықта берілген нысанмен жасалған және біртұтас тәрбие құндылықтары кіріктірілген. 2023-2024 оқу жылының Әдістемелік нұсқау хатында берілген барлық ұсынымдар қарастырылған. Мектептің тәрбие жүйесінің басым бағыттарын қамтиды және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған. Сыныптың тәрбие жоспарын құру барысында қиындықтар туындағандықтан сынып жетекшілер бірлестігі әрбір сынып жетекшімен консультациялар өткізді. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық

құндылықтар болып табылады. 2023-2024 оқу жылында мектепте мынадай жобалар іске асырылады: "Мектептің өзін – өзі басқару"; "Дебат" қозғалысы; "Оқуға құштар мектеп"; "Мұражай сабақтары"; "Театр сабақтары", «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы, «Еңбегі адал жас өрен» жобасы, «Ұрпаққа аманат» жобасы, «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық жоба, «Тоғыз айға – тоғыз іс шара», «Ақындар айтысы» поэтикалық сайысы; «Алтын сақа» олимпиадасы; «Ұлттық өнер» көрмесі; «Туған өлкем» фестивалі мәдени-ағарту жобалары. Талдаудан ағымдағы оқу жылына арналған сыныппен тәрбие жұмысының негізгі мақсаттары мен міндеттері шығады. Ата-аналармен бірлескен жұмысты жоспарлауға, оқушылармен және олардың отбасыларымен жеке жұмыс істеуге көп көңіл бөлінеді. Тәрбие жұмысы сынып жетекшілердің ӘБ, педагогикалық-психологиялық семинарлар, тренингтер, пед.консилиумдар, жиналыстар және т.б. іс-шаралар негізінде жүзеге асырылды. Оқушылармен интерактивті кездесулер, дәрістер, акциялар, кездесулер, практикалық сабақтар өткізілді.

Сынып жетекшілер жұмысына 2023-2024 оқу жылында Астана қаласы «Әдістемелік» орталығы мамандары қазан және сәуір айларында 2 рет тексеру жүргізді. Қазан айындағы тексеруде мектептің тәрбие жұмысы жоспары мен сынып жетекшілер жоспарын, сынып сағаттарының сабақ кестесіне кіргізуін, оқушыларға «Жолда жүру», «Өмір қауіпсіздігі» сабақтарының жоспарларына кіріктірілуін қараған. Ешқандай ескертулер болған жоқ.

Мектепішілік үйірмелердің тиімділігі

Үйірмелер мен секциялардың жетекшілері ретінде 2023-2024 оқу жылында 19 педагог жұмыс жасады, 1230 оқушы тегін үйірмелер мен секцияларға қамтылды. Мектепте оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру үшін жақсы жағдайлар жасалған деп айтуға болады. Мектепте тегін және ақылы үйірмелер өткізіледі, бір жылға арналған бағдарламалар мен тақырыптық жоспарлары құрастырылған.


- ✓ Оқушылардың физикалық дамуын жақсарту мақсатында мектепте «Баскетбол», «Волейбол», «Шахмат», «Тоғызқұмалақ», волейболдан қыздар арасында үйірмелер ашылды. Жыл басынан бастап командалар бірнеше жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Үйірмелер мен спорт секцияларына қатыса отырып, балалар бос уақыттарын жеке тұлғаны дамыту үшін оң мақсатта пайдаланды. Оларға мектеп спорт залы, би залы, стадион, шахмат алаңы, ұлттық ойын алаңы ұсынылды. Оқушыларымыз осы жылы шахматтан Республикалық жарыста жүлделі 3 оынды иеленді.
- ✓ Оқушылардың интеллектуалдық дамуы үшін де оңтайлы жағдай жасалған. «Қолөнер», «Робототехника», «STEM лаборатория»,

«Бағдарламалау», «3Д модельдеу» және ІТ сыныптары жұмыс жасайды. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы «Шаттық-2024» ашық шығармашылық қалалық байқауынан «3Д модельдеу» және «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша қола жүлдегерлері атанды.

- ✓ Оқушылардың қызығушылығын, бейімділігін және дарындылығын қанағаттандыру мақсатында «Назерке» би үйірмесі, «Театр өнері», «Эстрадалық ән», «Домбыра», «Дәстүрлі ән» үйірмелері жұмыс жасайды. Эстрадалық байқаулардың жеңімпазы атанған 8 «3» сынып оқушысы Кунадилова Аделя, Францияда өтетін концертке қазақ эстрада жұлдызы Димаш Құдайбергеновпен бірге дуэт айту мәртебесіне ие болды.
- ✓ Өзін-өзі тәрбиелеу және шығармашылықпен айналысуда мектепте «Өзін-өзі басқару» ұйымы, «Ұшқын» қазақ, орыс дебат үйірмелері жұмыс жасайды. Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Speaking club», «Soile» клубтары құрылып жұмыс жасады.

Үйірме және секцияларға қатысу мониторингі

Оқу жылы	Барлық бала саны	Мектепшілік		Мектептен тыс		Қатыспайды		Барлығы	
		саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
2021-2022	4052	730	18 %	2714	67%	608	15%	3444	85%
2022-2023	5325	966	18 %	3934	74 %	425	8 %	4900	92%
2023-2024	6223	1230	20 %	4806	77%	187	3 %	6036	97%



Ата-аналармен жұмыс.

Ата-аналардың оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға қатысуынсыз жоғары нәтижелерге қол жеткізу мүмкін емес, сондықтан ата-аналармен жұмыс мектептің тәрбие жүйесінде басты орындардың бірін алады. Педагогикалық ұжым ата-аналармен жұмыс істеудің мақсатын оларды қажетті психологиялық-педагогикалық біліммен қаруландырып, мектептің тыныс-тіршілігін ұйымдастыруға тарту деп санайды. Сынып жетекшілері өз қызметінде ата-аналармен жұмыс істеудің бірнеше бағытын жүргізеді:

- Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату және қолдау;
- Баланың жеке басын тәрбиелеуге отбасы мен мектептің талаптарының бірлігін әзірлеу;
- Ата-аналарды сыныппен жұмысты ұйымдастыруға тарту.

Бақылау барысында 1-11 сыныптардың тәрбие жұмысының жоспарлары қаралып, сынып жетекшілерімен әңгімелесулер өткізілді.

Барлық сынып жетекшілерінің жоспарларына ата-аналармен өзара әрекеттесу шаралары кіргізілген, ал сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарларында "Ата-аналармен жұмыс" бөлімі бар. Ата - аналар жиналысы - ата-аналармен жұмыс істеудің негізгі формаларының бірі. Барлық сынып жетекшілері ата - аналар жиналысын өткізудің келесі формасын қолданады - жалпы білім беру (сынып өміріндегі проблемалар, оқушылардың үлгерімі, жаман әдеттер, қауіпсіздік ережелерді сақтау және алдын алу т.б.)

2023-2024 оқу жылында ата-аналар жиналыстарын өткізу форматы өзгертілді. Мектепте «Ата-аналарды қолдау» орталығы ашылып, «Ашық есік» күндері, ата-аналарға әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық қолдау бойынша сабақтар өткізіле бастады. Сонымен қатар, ата-аналарды мектеп, сынып өміріне белсенді қатысып сабақтар өткізу бойынша да жұмыстар жүргізіліп жатыр.

- ата-аналардың белсенділігі, олардың жиналыстарға қатысуы әрдайым қанағаттанарлық бола бермейді.
- кейбір ата-аналардың баланы тәрбиелеу және жеке даму мәселелерін шешуден жалтару үрдісі байқалды.
- сынып жетекшілері ата-аналармен тұрақты жұмыс жүргізеді.

Ұсыныстар:

1. Сынып жетекшілері жеке тұлғаға бағытталған өзара әрекеттесудің формалары мен әдістері негізінде ата-аналармен бірлескен жұмыс түрлерін жүзеге асырсын. (оқу жылы ішінде)

2. Сынып жетекшілері ата-аналар жиналысының формаларын әртараптандыру қажеттілігіне назар аударсын.

3. Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас мәселесі және отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастыру мәселелері бойынша ағарту сабақтары өткізілсін. (оқу жылы ішінде)

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие бағыты бойынша оқушылар жетістіктері.

№	Оқушының аты-жөні	Деңгейі	Конкурстың атауы	Мерзімі
1	Джиренбай Аружан	Халықаралық гран-при	Международный конкурс “NEW STAR”	2023ж
2	Нурканова Акнур	Халықаралық грамота	IV Международный конкурс-фестиваль искусств «ARTE ITALIANA»	2023ж
3	Рыскул Аяла	Халықаралық грамота	IV Международный конкурс-фестиваль искусств «ARTE ITALIANA»	2023ж
4	Төлеген Азиз	Халықаралық диплом 1 орын	Международный конкурс-фестиваль «TASHKENT MUSIC FESTIVAL»	2023ж
5	Жумабаев Арсен	Халықаралық 2 орын	VII Международный конкурс молодых композиторов«Самал»	2024ж
6	Батырбек Аянат Ержан Тоқсабанов	Халықаралық Супер гран-при	«БАЛА ШАБЫТЫ» халықаралық конкурс жобасы «ЗВЕЗДОПАД»	2024ж
7	Уланқызы Ақбілек	Халықаралық Диплом II ОРЫН	Халықаралық көпжанрлы «Alash star»	2024ж
8	Муталап Анжу	Халықаралық гран-при	Международный многожанровый конкурс Golden dream	2024ж
9	Нурканова Акнур	Халықаралық 1 место	Международный многожанровый конкурс Golden dream	2024ж
10	Темірбатыр Нұргалым	Халықаралық 1 место	Халықаралық «soul music» атты балалар мен жасөспірімдер арасындағы	2024ж

			шығармашылық фестиваль байқауына белсене қатысып, аспаптық жанр»	
11	Нұрсерік Әдемі	Халықаралық гран-при	Халықаралық жасөспірімдер арасындары, шнеармашыл тық, койжамирлы astana-big-star» байқауы	2024ж
12	Болатбай Алия Берікқызы	Халықаралық 2 орын	Международном конкурсе детского и юношеского творчества «АСТАНА ЖҰЛДЫЗДАРЫ»	2024ж
13	Кенжеполат Каусар	Халықаралық диплом	Современный танец «Asian Girls»	2024ж
1	Саркыт Арайлым Бекжан Нурай	Республикалық 3 орын	Ұлы даланың ұлы тұлғалар мұралары" республикалық конференциясы аясында өткен мектеп оқушылары арасындағы қалалық дебат турнирінде жүлделі	2023ж
2	Саркыт Арайлым	Республикалық 3 орын	«Дебат қозғалысы» республикалық жас пікір-сайысшылар командаларының жиыны» 13 ауысым бағдарламасы барысында орыс лигасында	2023ж
3	Саркыт Арайлым	Республикалық 2 орын	«Дебат қозғалысы» Республикалық жас пікір-сайысшылар командаларының жиыны 13 ауысым бағдарламасының шығармашылық байқаулар барысында «Репортаж»	2023ж
4	Ұлағат Нұрсерік	Республикалық Лауреат I степени	Республикалық көпжанрлы өнер байқауы Star Time Piano Astana	2024ж
5	Елеусіз Таксулу	Республикалық 1 орын	Әл-фараби атындағы оқушылар сарайының республикалық «farabi land-2024» жобасы аясында суда жүзуден «наурыз толқыны»	2024ж
6	Муратбек Қырмызы	Республикалық 2 орын	«Қазақстан композиторларының фортепианоға арналған шығармалары», «Жас жұлдыз» пианистер байқауының жеңімпазы	2024ж
7	Аянқызы Ұнқар	Республикалық 1 орын	Тоғызқұмалақтан жасөспірімдер арасында Ақмола облысының жекелей іріктеу чемпионатында (блиц)	2024ж

8	Толубек Алишер	Республикал ық 3 орын	Әл-фараби атындағы оқушылар сарайының республикалық «farabi land-2024» жобасы аясында суда жүзуден «наурыз толқыны» атты турнирде	2024ж
8	Инжу Муталап	Республикал ық 1 орын	Республикалық көпжанрлы байқау «Көктем Нұры»	2023ж
9	Тулегенова Мөлдір	Республикал ық Гран-при	«БАЛА ШАБЫТЫ» халықаралық конкурс жобасы COOL SUMMER	2023ж
1	№72 мектеп-лицей	Қалалық I орын	Астана қаласы «Алматы» ауданы мектептерінің оқушылары арасында өткізілген «Азаматтық қорғау саласының білімпазы» зияткерлік ойынында	2024ж
2	Аментай Мерейли	Қалалық 1 орын	Street Dance HIP HOP,	2024ж
3	Нусупбеков Эмиль	Қалалық 3 орын	Картэ шинкиокушинкайдан қалалық турнир	2024ж
4	Әметай Мерейлі	Қалалық 2 орын	Қазақ елі Санрұқ құсы	2023ж
5	Абдимауленов Нурмухаммет	Қалалық 2 орын	Дзюдо күресінен samat team ашық турнирі	2024ж
6	Смагул Ильяс	Қалалық 3 орын	Ashihara Karateden klubaralyq turniri	2023ж
7	Коньсбай Диас Ержанұлы	Қалалық 2 орын	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері күніне орай «Отан - отбасынан басталады»	2023ж
8	72 мектеп лицейі	Қалалық 3 орын	Республика күніне орай 5-8, 9-11 сынып оқушылары арасында ауданаралық №82 «дарын» мамандандырылған лицейі жүлдесіне арналған шахматтан	2023-2024ж
9	Бурхан Алуа	Қалалық 1 орын	Устаз-сазгер Көкім Ердібайтегінің ән, терме, толғауларынан "Астана уландарының дауысы	2024ж
10	Жумабаев Арсен	Қалалық 1 орын	«Жан жолдасым – домбыра!»	2024ж
11	Муратбек Қырмызы	Қалалық 2 орын	Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің білім алушылары арасында өткен XIII ашық қалалық Ғазиза	2024ж

			Жұбанова атындағы жас пианистер байқауында	
12	72 мектеп Лицейі	Қалалық 1 орын	Волейболдан 7-8 сынып қыздары арасында өткен аудандық ашық турнирде	2024ж
13	72 мектеп Лицейі	Қалалық 3 орын	16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай волейболдан 5-6 сынып қыздары арасында	2023ж
14	Аманжолова Ясмина	Қалалық 1 орын	Өскелең ұрпақты көркемдік және эстетикалық талғамға тәрбиелеу, шығармашылықтарын жандандыру мақсатында қалалық «Бейбітшілік пен мейірімділіктің 7 нотасы»	2023ж
15	Аманжолова Ясмина	Қалалық Гран-при	Жалпы білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында өткен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған ХІХ қалалық «Отаным деп, шырқаймын» вокалдық патриоттық әндер фестиваль-байқауында «жеке орындау»	2023ж
16	Есенгелді Айлин	Қалалық диплом	«туған жерім» атты халықаралық балалар – жасөспірімдер сурет байқауына	2023ж
17	Кукадилова Адель	Қалалық Грамота	Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен, ҚР Қарулы Күштерінің 31 жылдығына орай ұйымдастырылған «Жас Сарбаз - патриоттар мекені»	2024ж
18	№ 72 мектеп – лицейінің командасы	Қалалық 3 орын	Жалпы білім беру мектептерінің 10-11 сынып оқушылары және колледж студенттері арасындағы өткізілген аудандық БАТЫРЛАР ЖАРЫСЫ әскерленген кросста	2023ж
19	Меркер Сафия	Қалалық Диплом 3 орын	Елордалық жас дарындылардың мәдени және шығармашылық әлеуетін насихаттау мақсатында Астана қаласы білім мекемелерінің балалары мен жасөспірімдері арасында өткізілген ХVІІ «ШАТТЫҚ-2024» қалалық	2024ж
20	Нуртілек Бірлік	Қалалық Бас-жүлде	«Астана ұландарының дауысы» «Аспаппен орындаушылар» номинация бойынша	2024
21	Комаров Игорь	Қалалық Диплом 3 орын	Елордалық жас дарындылардың мәдени және шығармашылық	2024ж

			әлеуетін насихаттау мақсатында Астана қаласы білім мекемелерінің балалары мен жасөспірімдері арасында өткізілген XVII «ШАТТЫҚ-2024» қалалық байқауының қола жүлде иегері	
22	Тулегенова Мөлдір	лауреат дипломы ГРАН-ПРИ	«Аспаптық өнер» номинациясы бойынша домбыра, аралас жасқа дейінгі жас категориясы	2023ж
1	Батырбек Аянат	Қалалық диплом	<<ALTYN DOMBYRA>> Республикалық аспапта орындау байқауына қатысып, өзіндік шеберлігі мен шығармашылық деңгейін көрсеткені үшін «АСПАПТА ОРЫНДАУ ДОМБЫРА»	2023ж
2	Тулегенова Мөлдір	Қалалық диплом	V Республикалық балалар мен жасөспірімдер арасында өткен «IQ STAR 2023» өнер байқауында Аспапта ойнау (Домбыра)	2023ж
3	Аманжолова Ясмина	Қалалық диплом	Елордалық жас дарындылардың мәдени және шығармашылық әлеуетін насихаттау мақсатында Астана қаласы білім мекемелерінің балалары мен жасөспірімдері арасында өткізілген XVII «ШАТТЫҚ-2024» қалалық	2024ж
4	Абдикул Қазыбек	Қалалық диплом	Елордалық жас дарындылардың мәдени және шығармашылық әлеуетін насихаттау мақсатында Астана қаласы білім мекемелерінің балалары мен жасөспірімдері арасында өткізілген XVII «ШАТТЫҚ-2024» қалалық	2024ж
5	№72 мектеп-лицейі	Қалалық диплом	Астана қаласы «Алматы» ауданы мектептерінің оқушылары арасында өткізілген «Азаматтық қорғау саласының білімпазы» зияткерлік ойынында «Ең белсенді» номинациясында	2024ж
6	№72 мектеп-лицей Жас екпін ансамблі	Қалалық диплом	Елордалық жас дарындылардың мәдени және шығармашылық әлеуетін насихаттау мақсатында Астана қаласы білім мекемелерінің балалары мен	2024

			жасөспірімдері арасында өткізілген XVII «ШАТТЫҚ-2024»»»»	
7	Жакупова Жасмин	Қалалық диплом	Елордалық жас дарындылардың мәдени және шығармашылық әлеуетін насихаттау мақсатында Астана қаласы білім мекемелерінің балалары мен жасөспірімдері арасында өткізілген XVII «ШАТТЫҚ-2024» қалалық	2024ж
1	Тулегенова Мөлдір	Қалалық Грамота	ҚР ҰҚҚ Шекара қызметі «Отан сақшысы - Часовой Родина кесетінік Воджылдығына орай ұйымдастырылған мерекелік	2023
2	Хамит Зере	Қалалық Грамота	Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы Қалалық мектеп лигасы шеңберінде 5-6 сынып оқушылары (қыздар) арасында волейболдан өткен жарыста «Ұздік ойыншы» номинациясында	2024ж
3	Темірбатыр Нурғалым	Қалалық Грамота	Халық күйшісі Қазанғап Тлепбергенұлының 170 жыл мерейтойына арналған I қалалық «Ақжелен» домбырашылар	2024ж
4	Жакупова Жасмин	Қалалық Грамота	«Қазақстан композиторларының фортепианоға арналған шығармалары»	2023ж
5	Абдували Жамиля	Қалалық Грамота	Экологиялық олимпиадаға қатысқаны үшін берілді	2024ж
1	Ильясов Темирланға Султангазина Лейлаға, Азимбек Аида	Қалалық Сертификат	ҚР Тәуелсіздік күніне арналған «Отан жолымен»	2024ж
2	Еркінбек Мерейге	Қалалық сертификат	2023 жылғы 13-16 қараша аралығында «Ұлт мұратын қаламына арқау еткен...» акын Марфуға Бектемірованың шығармашылығына арналған «ӨЛЕҢІМ, СЕН АМАН БОЛ...»	2023ж
3	№ 72 мектеп лицейі, Жас екпін ,ансамблі	Қалалық сертификат	Елордалық жас дарындылардың мәдени және шығармашылық әлеуетін насихаттау мақсатында Астана қаласы білім мекемелерінің балалары мен	2024ж

		жасөспірімдері арасында өткізілген XVII «ШАТТЫҚ-2024»»»	
--	--	--	--

Жылы	2021 – 2022	2022 - 2023	2023-2024
Халықаралық	14	3	13
Республикалық	17	6	9
Қалалық	34	31	21
Диплом		6	7
грамота		2	5
Сертификат		9	3



Оқу-тәрбие жұмысын талдау қазіргі білім беру технологияларымен қаруланған мектеп ұжымы өзіне жүктелген функционалдық міндеттерін сауатты және нәтижелі атқаратынын көрсетеді.

Тәрбие жұмысы жүйесінің тиімділігін талдау

Тәрбие жұмысын ойдағыдай жүзеге асыру үшін мектептің бүкіл педагогикалық кеңістігі оқушыны сол немесе басқа әрекет түріне итермелейтіндей көптеген факторлар әсер ететін дамып келе жатқан білім беру ортасына айналатындай етіп құрылуы қажет. Мұнда әрбір баланы өзін-өзі жетілдіру жүзеге асырылуы қажет сонда ғана сәттілік орын алады. Критерийлер:

- бастамашыл, құзыретті және жауапты тұлғаны дамытуға жағдай жасау деңгейі;
- оқушылардың өзін-өзі басқаруының даму деңгейі;
- әлеуметтік бағыттағы жобалық іс-шараларға қатысу;

- оқушылардың қауіпсіздігі мен жайлылығы;
- ата-аналар мен мұғалімдердің мектептің өмірлік іс-әрекетіне қанағаттануы;
- Сынып топтарын құру;

№ 72 мектеп өткізетін тренингтерге, семинарларға, ғылыми зерттеулерге әртүрлі деңгейдегі білім беру органдарының, білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогикалық ұжымының, жастар бірлестіктерінің жетекшілерінің, оқушылардың ата-аналарының, түрлі әлеуметтік топтардың өкілдерінің тұрақты қызығушылық танытуы.

Оқу-тәрбие жұмысын талдау қазіргі білім беру технологияларымен қаруланған мектеп ұжымы өзіне жүктелген функционалдық міндеттерін сауатты және нәтижелі атқаратынын көрсетеді.

Мәселелері: материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі (музыкалық аспаптар, конкурстық костюмдер...). Сыныптан тыс жұмыстарға дайындалуға уақыт жеткіліксіз.

Қорытынды.

Тәрбие жұмысын қорытындылай келе, жалпы педагогикалық ұжым қойылған міндеттерді орындағанын атап өткен жөн. Мектеп мұғалімдері балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие процесін шебер басқарды. Барлық тәрбие іс-шараларының үйлестірілуі, олардың педагогикалық орындылығы, қажеттілігі мен жеткіліктілігі, жоспарлар мен іс-әрекеттердің келісімділігі мектептің тәрбие процесінде оң нәтиже берді, бұған қол жеткізудің әртүрлі деңгейлері дәлел бола алады.

Мектептің тәрбие жұмысын SWOT – талдау. Тәрбие сараптамасы тәрбие жұмысының жоғары немесе төмен, жағымды және жағымсыз нәтижелері, жүргізілген жұмыстың кемшіл тұстарының алдын алу немесе сәттілік даму жолдарын анықтау.

Күшті жақтары	Әлсіз тұстары
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Мектептегі тәрбие бағытын дамытуға арналған жобалардың атқарылуы. ✓ Үштік одақтың жұмысы (мектеп, ата-ана, оқушы) ✓ Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы арқылы оқушылар өз мүмкіндіктерін аша білді, достық қарым-қатынастарын нығайтты, қоғамға қызмет етуді басқаларға үйретті. 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Оқушылардың себепсіз сабақты босату бойынша сынып жетекшілердің ата-анамен жұмысының әлсіздігі басым болды. ✓ Оқушылардың мектеп формасын сақтамауы
Мүмкіндіктері	Қауіпті жақтары
<ul style="list-style-type: none"> ✓ «Оқуға күштар мектеп» жобасы негізінде кітап оқитын оқушылар санын көбейту; 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Оқушы санының шамадан тыс көп болуынан мектепте кәмелетке толмағандар

<ul style="list-style-type: none">✓ Қауіпсіз білім беру ортасын құрып, оны сақтауға байланысты халықаралық жобаларға қатысып, нәтижеге жету✓ Психологиялық білімі бар ата-аналар қоғамдастығын құру	<p>арасында кұқық бұзушылықтың орын алуы.</p> <p>✓</p>
--	--